

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

ОҢТҮСТІК АМЕРИКАНЫҢ ТАБИҒАТ ЗОНАЛАРЫ

Сыныбы: 7 «а»

*№7 Е.Халықов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің
I санатты география пәнінің мұғалімі*

Сенғалиева Гүлфайруз Айдынқызы

ОҢТҮСТІК АМЕРИКАНЫҢ ТАБИҒАТ ЗОНАЛАРЫ



Оңтүстік Американың органикалық дүниесінің бұрынғы Гондвана материгі құрамында болған материктерге ұқсастарымен қатар өзіндік түрлері де мол. Себебі материктегі органикалық дүниенің басым бөлігі жеке материк ретінде қалыптасқан кезде пайда болып дамыды және оның табиғатына бейімделді

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Табиғат кешендеріне сипаттама бере отырып, Оңтүстік Американың табиғат зоналарына жеке-жеке тоқталу.

Тәрбиелік: Оқушыларға Оңтүстік Американың қайталанбас тіршілік дүниесін қорғау және сақтау шараларын түсіндіру барысында эстетикалық және экологиялық тәрбие беру.

Дамытушылық: Оқушылардың картамен, кестемен, электронды оқулықпен жұмыс жасауын, танымдық қабілеттерін, іскерлігімен іздемпаздығын шығармашылық ізденуі және сөздік қорын дамытуға жағдай тудызу.



Сабақ түрі: оқушылардың ізденіс қабілетін дамыту;

Сабақтың әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, талдау, ВЕНН диаграммасы, семантикалық карта;

Оқыту технологиясы: ақпараттық оқыту; диалогтық оқыту

Стратегиялары: салыстыру, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану.

Сабақтың пәнаралық байланысы: биология, қазақ әдебиеті.

Көрнекіліктер: Жарты шарлар картасы, атлас, кескін карта, таратпа материалдар, электронды оқулық, интерактивті тақта, видеоролик, Оңтүстік Американың табиғат зоналар картасы.

Сабақтың барысы:

1

- Оқушылармен амандасу, топқа бөлу

2

- Оқушылардың бүгінгі сабақтағы көңіл күйлерін сұрау

3

- Үй тапсырмасын пысықтау.

Кескін картамен жұмыс

***Оңтүстік Американың басты
өзендері мен көлдерін кескін
картаға белгілеп, картадан
көрсету;***

* Географиялық диктант

1. Оңтүстік Американың негізгі суайрығы - **Анд** тауы.
2. Дүние жүзіндегі ең биік сарқырама – Анхель **Гвiana** таулы үстіртінде орналасқан.
Н
3. Түбінен мұнай өндірілетін көл - **Маракайб**
4. **Амазонканы** су жинау алабы **О** Аустралия материгінің ауданымен пара-пар.
5. **Ң** Титикака көлі үндістер тілінен аударғанда **«Қалайы алаңы»** деп аталады.
6. 300 тармаққа бөлініп, биік жартастардан құлап ағатын, табиғаты ең әсем сарқырама - **Игуас**
7. **У** Жазда кеуіп қалатын тұзды көл - **Пооп** деп аталады.
О




Венн диаграммасы

Амазонка мен Конго өзендерін салыстыру.

Амазонка

Конго



Видео көрсету



*(видео көрсетілгеннен кейін
жаңа сабақтың тақырыбын
оқушылар өздері анықтайды.)*

Жаңа сабақ

Оңтүстік Америка жерінде мынадай табиғат зоналары ажыратылады:

- Ылғалды экваторлық ормандар (гилея);
 - Ауыспалы ылғалды (муссонды) ормандар;
 - Саванналар мен сирек ормандар;
 - Субтропиктік қатты жапырақты мәңгі жасыл ормандар мен бұталар;
 - Жалпақ жапырақты ормандар;
 - Субтропиктік дала (пампа);
 - Шөлейт және шөл;
- Анд тауларындағы биіктік белдеулер*





Сельвас



какао

Экватордың екі жағын Амазонканың ылғалды экваторлық ормандары-гелея алып жатыр. Жергілікті халық бұл ормандарды “сельвас” деп атайды. Мұнда ағаштардың 2 мың түрі өседі, биіктігі 80 м-ге жетеді. Табиғи каучук алатын гевея, ең жеңіл ағаш балыс, дәрілік хина ағашы, какао, сейба, қауын ағашы, т.б. өседі. Жер шарының ауасын тазартуда бұл ормандардың теңдесі жоқ. Сондықтан бұл аймақты “Жердің өкпесі” деп тегін атамайды.




ягуар

Пекари шошқасы




Құмырсқа жегіш



Бақырауық маймыл

Сельвастың шағын денелі бақырауық және ілмеккұйрық маймылдар, жалқауаң, тапир, опоссум, құмырсқа жегіш, қан сорғыш жарқанат, пекари шошқасы, ең ірі су шошқасы-капибара және жырқыштар-ягуар мен пума кездеседі. Тотықұстар мен туқандар, гаоциндер, әлемдегі ең кішкентай құс-колибри ұзын тұмсығымен гүл шырынын сорады. Бақалар мен бауырымен жорғалаушылар да ағаш басында өмір сүреді.

Нанду




Жалды қасқыр



Саванналарында жануарлар дүниесінен пекари, ергежейлі бұғылар, жалды қасқыр, сауыттылардың бірнеше түрі, құмысқа жегіштер және нанду түйеқұсы кездеседі. Құнарлы топырақта какао мен Африкадан әкелінген кофе ағашы плантацияларына айналдырылған.



кактус



акация



каучук



□ Саванналар мен сирек ормандар **льянос** (Ориноко саваннасы) және **кампос** (Бразилия саваннасы) болып бөлінеді. Льяноста пальмалар, акация және биік шөптесін өсімдіктер, ал кампоста кактус, мимоза, сүттіген бұталары, бөтелке ағаш өседі. Бразилия үстіртінде бұтағы өте қатты ағаш-кебрачо (балта сынар) өседі.

Пампа бұғысы






Пампадағы (“жазық дала”) бітік өскен пампа шөбі мен қоңырбас арасында пампа бұғысы, пампа мысығы, пампа түлкісі кеміргіштер, оцелит, өзен жағаларында теңіз шошқасы, саз құндызы кездеседі. Құнарлы қызғылт-қара топырақты Пампа түгелге жуық жыртылып аса ірі егіншілік аймаққа айналған. Ал құрғақ далалар жайылымға айналдырылған. Табиғи өсімдіктер мен жануарлар тек қорықтарда ғана сақталып қалған және сандары азая түсуде.



Оқушының шығармашылық жұмысы


Анд тауындағы биіктік белдеулері

Биіктік (м)	Табиғат белдеуі	Жауын-шашын (мм есебімен)	Ауа температурасы (t °C)	Ауыл шаруашылық дақылдары
5000	Қар мұздық			
4000	Жалаңаш жартастар	500-ден кем	0°-тан төмен	
	Тасты тақыр жерлер Мүкті батпақтар Биік тау шалғындары (парамос)	500	+4°	Астық тұқымдастар
	Бұталар Жайылымдар	1000	+8°	
3000	Аласа ағаштар	1800	+10°	
	Биік тау ормандары Тау ормандары	2000	+12° +15°	
2000	Бамбук		+20°	
	Ағаш тәрізді папоротниктер Хина ағашы	3000	+24°	
1000	Каучуктілер, пальмалар, лианалар және басқалар			
	Ылғалды экваторлық ормандар	3000-нан артық	+26°	

58-сурет. Экваторлық Анд тауларындағы биіктік белдеулер.



Атакама шөлі



Гуано-бағалы тыңайтқыш



Пуна белдеуі

Андының батыс етегінде тропик бойында **Атакама шөлі** орналасқан. Тәуліктік амплетуда $25-30^{\circ}$ болғандықтан мамыр- қараша аралығында “соқыр” тұман-**гаура** әсерінен таңғы шықты денесімен сіңіретін өсімдіктер-**ломас** деп аталады. Жағалаудағы құс базары маңында саңғырық қалыңдығы 30 м **гуано** деп аталатын аса бағалы тыңайтқыш алынады. Андыда 3000-3500 м биіктікте ылғал артып шөптесін өсімдіктен тұратын **пуна белдеуін** түзеді.



Анд тауы эндемик жануарлар дүниесіне бай. Түйе тұқымдасы-ламаның жабайы екі түрі-викунья мен гуанако мекендейді. Жергілікті халық ламаның екі түрін-альпака мен кәдімгі ламаны қолда бағады. Сондай-ақ Андыда тау тапиры, көзілдірікті аю, пума, терісі өте бағалы кеміргіш – шиншилла мекендейді. Аса ірі жыртқыш құс- кондордың салмағы 9-12 кг-ға, ал қанаты жайылғанда ұзындығы 3 м-ге жетеді. Анд тауының оңтүстік шетінде магеллан пингвині кездеседі.



батат

InetOtbor.ru



мақта



бұрыш



□ Анд тауы Жер бетіне кеңінен таралған көптеген мәдени өсімдіктердің “Отаны” Олар:картоп, батат, мақта, жүгері (миас), үрме бұршақ, бұрыш, асқабақ, күнбағыс, қызанақ(томат), темекі, какао. Андының қайталанбас табиғатын сақтау мақсатында қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылған.Олар ғылыми- зерттеу орталықтарымен қатар, туристік мақсаттарда да пайдаланылады.

*Оңтүстік Америка Солтүстік Америка материгімен бірге
Америка дүние бөлігін құрайды. Материктің батысын
Тынық мұхиты, шығыс жағалауын Атлант мұхитының
сулары шәйіп жатыр.*

Оңтүстік Америка

*Мен өзім болдым біраз жұмбақ мекен
Жағама алғаш жүзіп Колумб келген
Үндістанды таптым деп қателесіп,
Халқымды «үндістер» деп атап кеткен.
Ең ұзын тау тізбегі жер бетінде
Әдемі, көркем сұлу Анды менде,
Үстірттер, ойпаттар бар, жазықтар бар
Ылғалдың мол мөлшері тағы менде.
Сұлуым мың бұралған Амазонка
Суы мол одан өткен өзен бар ма?!
Анхельдей, Игуасудай перзені бар
Бақытты Парана мен Ориноко.
Сельвасы, пампасы бар, шөлейті бар
Өзіне сән беріп тұр саванналар
Сейба тұр 80 метр биіктігі
Бауырында пальмалар мен гевеялар*

Термин сөздермен жұмыс

Гелея –

Сельвас –

Льянос –

Кампос –

Пампа –

Гаура –

Ломас –

Гуано –

Бекіту Ой-қозғау

- *Оңтүстік Американың жазық бөлігінде қандай табиғат зоналары орналасқан?*
- *«Ғаламшардың өкпесі» деп қай аймақты айтады?*
- *Льянос пен кампостың қандай айырмашылықтары бар?*
- *Анд тауының символы деп қандай жануарларды атайды?*
- *Амазония ормандарының қазіргі экологиясы туралы не айта аласың?*

СЕМАНТИКАЛЫҚ КАРТА

	Ылғалды экваторлық ормандар	Ориноко саваннасы	Бразилия саваннасы	«Ғаламшардың өкпесі»	Субтропиктік дала
Сельвас					
Гелея					
Льянос					
Кампос					
Пампа					

Үлестірмелі материалдар:

№ 1

- Ең биік сарқырама қай өзеннің саласы? Картадан көрсет.*
- Оңтүстік Американы қандай мұхиттар шайып жатыр?*

№ 2

- Дүние жүзіндегі ең суы мол өзен қай материкте? Оны картадан көрсет.*
- Не себепті Анд тауының жағалауында Атакама шөлі қалыптасқан?*

№ 3

- «Қалайы алаңы» деп қай көлді атайды? Көлді картадан көрсет.*
- Парана өзенінде қандай сарқырама бар?*



Кестемен жұмыс

Табиғат зоналары	Табиғат жағдайы	Топырағы	Өсімдігі	Жануарлары



Синтездеу (Тест жұмысы)

1. Оңтүстік Американың географиялық орны мен климаттық жағдайларына сәйкес кең тараған

А. шөл Ә. ормандар Б. дала зонасы

2. Гевея ағашынан алынады

А. кофе Ә. табиғи каучук Б. шай

3. Оңтүстік Американың ең ірі су шошқасы

А. тукан Ә. колибри Б. капибара

4. Бразилия саваннасы

А. кампос Ә. лянос Б. мимоза

5. Субтропиктік дала зонасы алып жатыр

А. Патагония жерін Ә. Атакама шөлін Б. Ла-Плата жазығын

6. Патагония жерінде кездесетін ірі жануарлар

А. пампа түлкісі, оцелот Ә. гуанако ламасы, пума

Б. жалды қасқыр, тапир

7. Атакама жағалық шөлінен басқа елдерге сатылатын өнім

А. гуано Ә. ломас Б. викунья

8. Анды тауының ең алып құсы

А. калибри Ә. кондор Б. ара

9. Атакама шөліндегі “соқыр” тұмандар

А. гаруа Ә. нанду Б. пампа

10. 3500 м биіктікте Пунада өсіріледі

А. картоп Ә. ломас Б. қоңырбас



Жауаптары:

1.Ә

2.Ә

3.Б

4.А

5.Б

6.Ә

7.А

8.Ә

9.А

10.А



Үйге тапсырма

**§41-42 Табиғат
зоналары(мазмұндау)
Кескін картаға
Оңтүстік Американың
табиғи зоналарын
белгілеу.**



Бүгінгі сабақты қандай көңіл күймен

аяқтадыңдар?



Осы сабақтан көрініс





